

"Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығына және "Азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 329 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 7 наурыздағы № 140 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 13 наурызда № 32052 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15325 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) авиация дәрігері – ұшулар қауіпсіздігіне тікелей қатысы бар тұлғалардың кәсіби, сондай-ақ жүгінгенде әуе жолаушылардың денсаулығын қамтамасыз ететін жоғары медициналық білімі және авиациялық медицина саласында даярлығы бар медицина маманы;

2) авиациялық медицина – авиациялық ұшуды медициналық қамтамасыз ету мәселелерін зерделеуге арналған медицина саласы;

3) авиациялық медициналық инспектор – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиациялық медицина саласында біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі бар және азаматтық және эксперименттік авиация саласында сертификаттауды, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген авиация инспекторы;

4) авиациялық медициналық орталық (бұдан әрі – АМО) – азаматтық авиация саласында медициналық куәландыруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) авиациялық медициналық сарапшы (бұдан әрі – сарапшы) – авиациялық медициналық сарапшы сертификаты бар авиациялық медицина саласында даярлықтан өткен және практикалық дағдылары мен еңбек өтілі бар әуе кемелерінің ұшуын орындауға және қамтамасыз етуге және оларға техникалық қызмет көрсетуге, әуе

қозғалысына қызмет көрсетуге тікелей байланысты тұлғаларды да куәліктерді немесе біліктілік белгілерін алуға медициналық куәландырудан өткізу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым тағайындайтын дәрігер;

6) авиация персоналы – арнайы және (немесе) кәсіптік даярлығы бар әуе кемелерінде ұшуды орындау және қамтамасыз ету, әуе тасымалы мен авиация жұмыстарын, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету, әуе қозғалысын басқару қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

7) авиациялық персонал куәлігі – авиациялық персоналдың біліктілігі мен өкілеттігін растайтын құжат;

8) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану, азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

9) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

10) аса жеңіл авиация (бұдан әрі – АЖА) – сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу массасы жеті жүз елу килограмнан кем болатын әуе кемелерін, басқа да ұшу аппараттары мен қосымша құрылғыларды пайдаланатын азаматтық авиация;

11) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

12) жеңіл авиация (бұдан әрі – ЖА) – сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу массасы бес мың жеті жүз килограмнан кем болатын әуе кемелерін, оның ішінде сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу массасы үш мың бір жүз сексен килограмнан кем болатын тікұшақтарды пайдаланатын азаматтық авиация;

13) кеңейтілген медициналық куәландыру – жалпы есепті, офтальмолог, ЛОР есептерін және басқа мамандардың ұсыныстарын ресімдей отырып, сарапшы жүргізетін медициналық куәландыру;

14) консультант-дәрігер – жеке тұлғаның және өтініш берушінің денсаулығын бағалау бойынша өз мамандығы бойынша медициналық ұйғарымдарды шығаратын авиация дәрігері;

15) медициналық куәландыру – жеке тұлғаны оның ауруы болу немесе болмау фактісін анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын, сондай-ақ уақытша еңбекке қабілетсіздігін, кәсіптік және өзге де жарамдылығын айқындау мақсатында зерттеп-қарау;

16) медициналық қарап-тексеру – авиация персоналында аурудың болуын немесе болмауын анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын, сондай-ақ уақытша еңбекке қабілетсіздігін, жұмысқа шығатын ауысымындағы кәсіптік жарамдылығын айқындау;

17) медициналық сертификат – медициналық куәландырудың оң нәтижелері бойынша берілетін, өтініш берушінің денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығына қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын және кәсіптік қызметке рұқсат беруді қамтамасыз ететін, белгіленген үлгідегі құжат;

18) медициналық сертификаттың иегері – медициналық сертификаттың қолданыстағы мерзіміне ие тұлға;

19) өтініш беруші – медициналық сертификатты алуға немесе мерзімін ұзартуға өтініш берген жеке тұлға;

20) сыртқы ұшқыш – ұшқышсыз ұшу аппаратын ұшуы үшін қажетті әрекеттерді орындайтын және ұшу кезінде тиісті ұшу бақылауын басқаратын жеке тұлға.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Сарапшы медициналық куәландыру алдында медициналық куәландыру жүргізуге арналған өтінішті тексереді және оған өтініш берушімен бірге қол қояды.

Өтінішке қол қойылғаннан кейін, сарапшы өтініштегі деректердің растығын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелері арқылы тексереді."

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Өтініш беруші алатын медициналық сертификаттың сыныбына байланысты оның денсаулығының мынадай талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкестігіне медициналық куәландырудан өтеді:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 1-сыныпты медициналық сертификат алуға өтініш берушіге қойылатын денсаулық жағдайына медициналық куәландыру жөніндегі талаптар;

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 2-сыныпты медициналық сертификат алуға өтініш берушіге қойылатын денсаулық жағдайына медициналық куәландыру жөніндегі талаптар;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 3-сыныпты медициналық сертификат алуға өтініш берушіге қойылатын денсаулық жағдайына медициналық куәландыру жөніндегі талаптар;

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес АЖ және ЖА медициналық сертификатын алуға өтініш берушіге қойылатын денсаулық жағдайына медициналық куәландыру жөніндегі талаптар.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Сарапшы медициналық құжаттамаға медициналық тексеру деректерін, диагнозды, бейінді мамандар консультант-дәрігерлердің ұсыныстарын жазады және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық тексеру туралы

есепті (бұдан әрі – Есеп) толтырады. Медициналық тексеру деректерінің дұрыстығы сарапшының қолымен және жеке мөрімен расталады.

Сарапшылардың есептері 10 жыл бойы сақталады.

Диагносттардың коды АХЖ-11 сәйкес жүргізіледі. Есепті ресімдеу кезінде түзетулерге тыйым салынады.

Есептің түпнұсқасы сарапшының мұрағатында сақталады, есептің көшірмесі (сарапшының мөрімен бекітілген) өтініш берушіге беріледі. Есептің электрондық көшірмесі сертификат беру күнінен бастап 3 жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға бағалау жүргізуге беріледі. Медициналық сертификат есеп ресімделген және медициналық қорытынды шығарылған күні өтініш берушіге беріледі.

Уәкілетті ұйымның авиациялық медициналық инспекторы осы Қағидалардың 4, 5, 6 және 7-қосымшаларында көзделген талаптарға сәйкестігіне медициналық куәландыру есебіне бағалау жүргізеді.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен басталады.

Медициналық сертификаттың иегері өзіне ыңғайлы күні, бірақ қолданыстағы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 45 күннен аспайтын уақытта өзінің медициналық сертификатының қолданысын қайта жаңарту үшін медициналық куәландырудан өтеді.

Медициналық сертификаттардың қолданылу мерзімі:

1) осы Қағидалардың 9-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына жататын тұлғалардың 1-кластық медициналық сертификаты оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 12 ай бойы жарамды;

2) осы Қағидалардың 9-тармағының 5), 6) және 7) тармақшаларына жататын тұлғалар 2-кластық медициналық сертификаты оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 12 ай ішінде жарамды;

3) осы Қағидалардың 9-тармағының 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларына жататын тұлғалардың 2-кластық медициналық сертификаты оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап және 40 жасқа толғанға дейін 60 ай бойы жарамды; 40-49 жастағы медициналық сертификат оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 24 ай бойы жарамды; 50 жасқа толғаннан кейін медициналық сертификат алғашқы медициналық куәлікті алған күннен бастап немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 12 ай бойы жарамды болады;

4) осы Қағидалардың 9-тармағының 13) тармақшасына жататын тұлғалардың 2-кластық медициналық сертификаты оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 60 ай ішінде жарамды;

5) осы Қағидалардың 9-тармағының 14) және 15) тармақшаларына жататын тұлғалардың 3-кластық медициналық сертификаты оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап және 50 жасқа толғанға дейін 24 ай бойы жарамды; 50 жасқа толғаннан кейін медициналық сертификат оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 12 ай бойы жарамды;

6) осы Қағидалардың 9-тармағының 16) тармақшасына жататын тұлғалардың ЖА және АЖА медициналық сертификаты оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап және 40 жасқа толғанға дейін 60 ай бойы жарамды; 40-49 жастағы медициналық сертификат оны алғаш алған немесе алдыңғы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 24 ай бойы жарамды; 50 жасқа толғаннан кейін медициналық сертификат алғашқы медициналық куәлікті алған күннен бастап немесе алдыңғы медициналық сертификаттың мерзімі аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде жарамды.";

34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Авиациялық персонал куәлігінің иесі медициналық сертификатсыз және медициналық сертификатының қолданылу мерзімі өткен қызметтік міндеттерін орындауға жіберілмейді.

Медициналық куәландыру жүргізу орнынан алыс өңірде немесе Қазақстан Республикасының тыс жерлерде ұшуды орындайтын куәлік иесінің кезекті медициналық куәландыруын АМО сарапшысы немесе медициналық ұйымдардың сарапшысы (ЖА және АЖА сыныбы медициналық сертификат үшін) кейінге қалдыруға жол береді, мұндай кейінге қалдыру тек ерекшелік ретінде және мыналардан аспайды:

1) коммерциялық емес тасымалдаулармен немесе авиациялық жұмыстарды орындаумен айналысатын әуе кемесінің ұшу экипажының мүшесі үшін ұзақтығы 6 ай кезеңнің бір кезеңі;

2) әрбір жағдайда тиісті адам осы ауданның сарапшысынан куәландырылғаннан кейін оң медициналық қорытынды алған жағдайда немесе осындай сарапшы болмаған кезде осы өңірде дәрігерлік практикамен айналысуға (медициналық куәландыруға) рұқсаты бар дәрігерде (маман сертификаты болған кезде) әрқайсысы коммерциялық тасымалдаумен айналысатын әуе кемесінің ұшу экипажының мүшесі үшін ұзақтығы 3 айдан екі жүйелі кезең. Медициналық қарап-тексеру туралы қорытынды осы куәлікті берген уәкілетті ұйымға жіберіледі;

3) ұзақтығы 24 айдан аспайтын бір кезең, егер медициналық қарап-тексеруді өтініш берушіге уақытша болатын уәкілетті ұйыммен тағайындалған сарапшының аумағында

жүргізілсе. Медициналық қарап-тексеру туралы қорытынды осы куәлікті берген уәкілетті ұйымға жіберіледі; Қазақстан Республикасынан тыс жердегі сарапшының медициналық куәландыру туралы есебі медициналық сертификат берген азаматтық авиация ұйымына және сарапшыға жіберіледі.

Төтенше жағдайлар және еңсерілмейтін күштер (дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар) туындаған кезде сарапшы медициналық сертификаттың қолданылу мерзімін төтенше жағдайлардың және еңсерілмейтін күштердің (дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар) қолданылу мерзіміне не уәкілетті ұйым айқындайтын мерзімге кейіннен күнтізбелік 45 күннен аспайтын мерзімге ұзарту мүмкіндігімен ұзартады.

35. 1-кластық медициналық сертификаттың қызметі 2, 3-кластық және ЖА және АЖА медициналық сертификатқа қолданылады.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Денсаулық жағдайы бойынша мониторингта тұрған медициналық сертификат иесінің медициналық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша мынадай қорытынды шығарылады:

- 1) жұмысқа немесе оқуға жіберілді;
- 2) кезектен тыс демалыс күнін (кезекті еңбек демалысын) беруді қажет етеді;
- 3) консультация және емдеу жүргізуді қажет етеді;
- 4) профилактикалық емдеуге жатады - емдеу мерзімі күнтізбелік 15 күн.

Өтініш берушінің денсаулық жағдайы мониторингінің нәтижелері осы Қағидаларға 15-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Авиация персоналының медициналық кітапшасына жазылады.";

86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Уәкілетті ұйым:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелері арқылы медициналық куәландыруды жүргізуді бақылауды және медициналық куәландыру нәтижелері бойынша сарапшылардың есептерін бағалауды жүргізеді;

2) медициналық куәландыру талаптарын сақтамаған жағдайда медициналық сертификаттың қолданысын тоқтатады және қайтарып алады;

- 3) сарапшылардың шешімдеріне шағымдарды қарастырады;
- 4) сарапшыларды тағайындайды;
- 5) авиациялық медицина бойынша оқу бағдарламаларын келіседі;
- 6) нұсқаумалық материалдарды әзірлейді;

7) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 750 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8782 болып тіркелген) бекітілген Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларына сәйкес сарапшының есебіне сәйкестігіне медициналық сертификатқа сараптама жүргізеді.";

1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 15-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. "Азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 329 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15323 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Медпунктте медициналық қызметтер кешенін және әуежай аумағындағы санитариялық эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды қамтитын тәулік бойы медициналық бақылаусыз шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек нысандарында медициналық көмек көрсетіледі.

Медициналық пункттің қызметі осы Қағидаларға 4-тарауға сәйкес жүзеге асырылады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Әуежайдың аумағында авиациялық оқиға туындаған кезде медпункттің медициналық қызметкерлері осы Қағидаларға 5-тарауға сәйкес авариялық құтқару жұмыстарына авариялық-құтқару командасының құрамында қатысады.

Зардап шеккендерге уақтылы медициналық көмек көрсету және сұрыптау мақсатында осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес зардап шеккендерді біріздендіру карточкасы пайдаланылады.";

мынадай мазмұндағы 4-тараумен толықтырылсын:

"4-тарау. Азаматтық авиация ұйымының (пайдаланушының) медициналық пунктінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

49. Медпунктті меңгеруші (дәрігер, орташа медицина қызметкері) басқарады.

50. Медпункт меңгерушісінің әкімшілік бағыныстылығын, құрылымы мен штатын азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысы айқындайды.

51. Медпункт қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысы бекітеді, медициналық мәселелер бойынша медпункт меңгерушісі уәкілетті ұйымның Авиациялық медицина департаментімен өзара іс-қимыл жасайды.

52. Медпункт:

1) "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21080

болып тіркелген) және медпункт кабинеттерінің (ауданы) тізбесіне және оларды жарақтандыру осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес үй-жайлармен және қажетті мүлікпен;

2) сумен жабдықтау, жылыту, электр энергиясымен;

3) әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерімен (ұшу басшысымен), өндірістік-диспетчерлік қызметпен және аумақтық денсаулық сақтау органдарының жедел медициналық жәрдем станциясымен тікелей телефон байланысымен;

4) интернетпен және радиобайланыспен;

5) әуе кемелерінің әуежайда барлық ұшу уақытында, әуежайдың басқа бөлімшелерімен байланыс үшін, күнделікті жұмыс үшін және авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар кезінде авариялық жабдықты жедел іске қосу үшін кезекші санитариялық радиофицирленген автокөлікпен;

6) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес Медпункттің дәрілік заттар тізбесіне сәйкес дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.

53. Медпункттің жұмыс кестесі азаматтық авиация ұйымының (пайдаланушының) жұмыс регламентіне сәйкес келеді.

54. Медпункт үй-жайлары ғимараттың бірінші қабатында орналасады, перронға және күту залына шығатын есігі, санитариялық көлік үшін ыңғайлы кіреберісі болады. Есіктердің ені және олардың орналасуы зембілдермен өтуді қамтамасыз етеді.

55. Медпунктте:

1) күту орны;

2) қабылдау бөлмесі (медициналық қарап-тексеру бөлмесі);

3) дәрігерге дейінгі (шұғыл және кезек күттірмейтін) медициналық көмек көрсетуге арналған бөлме;

4) санитарлық торабы бар изолятор;

5) қосалқы үй-жайлар (авариялық-құтқару жұмыстарды жүргізу кезінде медициналық мүлікті, карантиндік инфекциямен науқас (күдікті) анықталған жағдайда өз құзыреті шегінде эпидемияға қарсы алғашқы іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге арналған құралдарды сақтау үшін).

56. Медпункттің заңнамада белгіленген тәртіппен берілетін тиісті кіші түрдің медициналық қызметіне лицензиясы болады.

57. Медпункт медициналық құжаттаманы жүргізеді және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның Авиациялық медицина департаментіне азаматтық авиация ұйымдарының медпункт қызметі туралы есеп береді.

58. Медпункт міндеттері:

1) ұшуларды медициналық қамтамасыз ету;

2) жолаушыларға, азаматтық авиация ұйымының қызметкерлеріне және авиациялық персоналға медициналық көмек көрсету;

3) өз құзыреті шегінде инфекциялық және карантиндік аурулардың таралуына жол бермеу бойынша алғашқы эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу.

59. Медпункт қызметі:

1) Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15325 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын 3-тарауға сәйкес әуе кемелері экипаждарының мүшелерін ұшу алдындағы медициналық қарап-тексеруді және авиадиспетчерлерді ауысым алдындағы медициналық қарап-тексеруді жүргізу;

2) азаматтық авиация ұйымы қызметкерлерінің ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық қарап-тексеруді жүргізу;

3) авиация персоналын кезекті медициналық куәландыруға дайындау (авиакомпания үшін);

4) авиация персоналы мен жұмыскерлерінің (штатында дәрігер, авиация персоналы болған кезде) денсаулық жағдайына мониторинг жүргізу;

5) жолаушыларға, қызметкерлерге және авиация персоналына дәрігерге дейінгі, шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету;

6) медициналық қамтамасыз етуге қатысты бөлігінде азаматтық авиация ұйымының жауапкершілігі аумағында авиациялық оқиға кезінде авариялық-құтқару жұмыстарына қатысу;

7) экипаж мүшелері мен жолаушыларға ұшуда медициналық көмек көрсету үшін борттық дәрі қобдишаларын бақылау (авиакомпания үшін);

8) мүдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп азаматтық авиация ұйымдарында жалпы және кәсіптік сырқаттанушылықтың, жарақаттанудың себептерін есепке алуды және талдауды жүргізуге қатысу;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес санитариялық-профилактикалық және эпидемияға қарсы бастапқы іс-шараларды ұйымдастыру;

10) жұмыс практикасына ғылымның, клиникалық және авиациялық медицинаның қазіргі заманғы жетістіктерін енгізу;

11) азаматтық авиация ұйымында жұмыс істейтіндердің денсаулығын, кәсіби жұмыс қабілеттілігін және ұзақ өмір сүруін нығайту және сақтау мақсатында салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыру;

12) медпункттің функцияларына қатысты бөлігінде қызмет процесінде медпункттің денсаулық сақтау және азаматтық авиация ұйымдарымен өзара іс-қимылы;

13) денсаулық жағдайы бойынша шеттету:

экипаж мүшесін – ұшудан;

авиадиспетчерді – ауысымнан;

жолаушыны – ұшудан;
қызметкерді – жұмыстан;

14) азаматтық авиацияның әуе кемелерінде ұшу үшін медициналық көрсетілімдер немесе қарсы айғақтар мәселелері бойынша жолаушыларға консультация беру.

60. Медпункттің атауы көрсетілген ұшу алдындағы (ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі) медициналық қарап-тексеруден өткені туралы мөртабаны (бар болса) болады.";

мынадай мазмұндағы 5-тараумен толықтырылсын:

"5-тарау. Іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру тәртібі

61. Әуежай аумағында авиациялық оқиға туындаған кезде медпункттің медицина қызметкерлері авариялық-құтқару команда (бұдан әрі – АҚК) құрамында іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарына қатысады.

Медпункттің медицина қызметкерлерінің іс-қимылы "Қазақстан Республикасының әуежайларында ұшуды авариялық-құтқару тұрғысынан қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 325 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12216 болып тіркелген) сәйкес ұшудың жергілікті жағдайлары мен қарқындылығын ескере отырып әзірленген Әуежайдың (әуеайлақтың) аумағында және әуежайға (әуеайлаққа) іргелес жерде авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі Авариялық жоспармен (бұдан әрі Авариялық жоспар) айқындалады.

62. Медициналық персонал авариялық-құтқару жұмыстарды жүргізу кезінде Авариялық жоспардың құрамдас бөлігі болып табылатын Емдеу-эвакуациялық іс-шаралар жоспарын басшылыққа алады.

Емдеу-эвакуациялық іс-шаралар жоспарын күнтізбелік жылға азаматтық авиация ұйымының басшысы бекітеді және оны аумақтық денсаулық сақтау органның Қоғамдық денсаулық департаментінің (Басқармасының) басшысымен келіседі.

Емдеу-эвакуациялық іс-шаралар жоспары медпункттің кезекші медицина персоналының құжаттар топтамасында болады және ауысым бойынша беріледі. Емдеу-эвакуациялық іс-шаралар жоспарынан үзінділер оларға қатысты бөлігінде аумақтық денсаулық сақтау органдарында болады.

63. Емдеу-эвакуациялық іс-шаралар жоспарында мыналар көзделеді:

1) іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу кезіндегі қызметтердің өзара іс-қимыл тәртібі;

2) АҚК медициналық жасағын қалыптастыру тәртібі;

3) "Дабыл" немесе "Дайындық" сигналдарын беру тәртібі;

4) "Дабыл" немесе "Дайындық" сигналдарын алғаннан кейін медпункттің кезекші медицина персоналының, АҚК медициналық жасақ басшысының іс-қимылы;

5) әуежайдың, аумақтық денсаулық сақтау органдарының медициналық мекемелерінің, жедел жәрдем станцияларының, шұғыл медициналық көмек қызметінің қызметкерлерін (күндіз, кешкі және түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері) жауапты лауазымды тұлғалардың телефон нөмірлері (телефон тізімдері жүйелі түрде нақтыланады) және басқа байланыс бойынша хабардар ету тәртібі;

6) АҚК медициналық жасақтың авиациялық оқиға орнына баратын жолы;

7) медпунктте қалатын кезекші медицина персоналының іс-қимылы;

8) жедел медициналық көмек станциясының және (немесе) шұғыл медициналық көмек қызметінің кезекші дәрігерінің іс-қимылы;

9) зардап шеккендерді эвакуациялау үшін емдеу мекемелері, авариялық ұшыраған әуе кемесінің үлгісіне сәйкес эвакуациялау үшін қажетті санитариялық көлік саны.

64. Емдеу-эвакуациялық іс-шаралар жоспарына мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) АҚК медициналық медициналық жасақтың хабардар ету схемасы;

2) әуеайлақ ауданының, тұрақтардың және әуеайлақ бойынша көлік қозғалысы жолдарының орналасу схемасы;

3) әуежай қызмет көрсететін әуе кемелерінде авариялық шығуларды орналастыру схемасы және оларды ашу тәртібі;

4) АҚК медициналық жасағына кіретін медпункт персоналының тізімі;

5) күшейту тобының құрамы, оны хабардар ету, жинау және жеткізу схемасы;

6) емдеу мекемелерінің орналасу картасы және оларға баратын жол.

65. Авиациялық оқиға орнында АҚК медициналық жасақтың іс-қимылы:

1) эвакуациялау құралдары келгенге дейін АҚК медициналық жасағы:

зардап шеккендерді сұрыптайды, тасымалдау тәртібі мен кезектілігін анықтайды, зардап шеккендерді эвакуациялауға дайындайды. Зардап шеккендерді сұрыптау кезінде зардап шеккендерді біріздендіру карточкалары пайдаланылады.

АҚК есеп айырысу күшімен зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуді басқарады;

зардап шеккендерге шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді;

зардап шеккендерді эвакуациялау құралдарына келу үшін қауіпсіз және ыңғайлы жерде жинауды жүзеге асырады;

2) эвакуациялау құралдары келгеннен кейін АҚК медициналық жасағы зардап шеккендерді емдеу мекемелеріне жібереді және қалған зардап шеккендерге қажетті медициналық көмек көрсетуді жалғастырады.

66. АҚК медициналық жасағын жарақтандыру:

1) санитариялық автомобиль және (немесе) медициналық фургон:

санитариялық автомобиль АҚК медициналық жасағы авиациялық оқиға орнына немесе жинау орнына жеткізуді қамтамасыз етеді. Авариялық-құтқару жұмыстарды жүргізу кезеңінде санитариялық автокөліктің жүргізушісі медпункттің кезекші дәрігеріне (орта медицина қызметкеріне) бағынады;

санитариялық автомобильде өкпені жасанды желдетуге арналған оттегі ингаляторы, зембілдер, қатты қалқан қатты қалқан, электр шамы үнемі болады;

2) медициналық жасаққа арналған жиналмалы сөмке:

жиналмалы сөмкелер зардап шеккен он адамға медициналық көмек көрсету есебінен дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен жабдықталады;

жиналмалы сөмкелер саны азаматтық авиация ұйымы қызмет көрсететін ең үлкен әуе кемесінің түрімен айқындалады;

жиналмалы сөмкелер пломбаланған түрде дәрілік заттар үшін тиісті температуралық режим қамтамасыз етілген жағдайда медпунктте (немесе медициналық фургонда) сақталады;

әрбір жиналмалы сөмкеге жарамдылық мерзімі көрсетілген дәрілік заттардың тізімдемесі салынады.

Медициналық фургон мен жиналмалы сөмкелер осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес медициналық фургонды жарақтандыру тізбесіне және 15-қосымшаға сәйкес жиналмалы сөмкесін жарақтандыру тізбесіне сәйкес дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен және авариялық жарақтармен жинақталады.";

осы бұйрыққа 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес 11, 12, 13, 14 және 15-қосымшалармен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы*

А. Бейспеков

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі**

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 7 наурыздағы

№ 140 Бұйрыққа
1-қосымша
Қазақстан Республикасының
азаматтық авиациясындағы
медициналық куәландыру және
қарап-тексеру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Медициналық сертификатты алуға немесе қайта жаңартуға өтініш

Бұл бетті толық және баспалық әріптермен толтырыңыз – толтыру бойынша нұсқаулыққа назар аударыңыз.

Қатаң құпия (медициналық қолдану үшін)

(1) Сертификат берген ел:		2) Медициналық сертификат классы	
		<p>1</p> <p>2</p> <p>3</p> <p>ЖА және АЖА</p>	
(3) Тегі:		(4) Бұрынғы тегі:	(12) Өтініш Алғашқы <input type="checkbox"/> Жарамдылықты қалпына келтіру <input type="checkbox"/>
(5) Аты, әкесінің аты (бар болса);	(6) Туылған күні:	(7) Жынысы Е <input type="checkbox"/> Ә <input type="checkbox"/>	(13) Нөмірі:
(8) Туылған жері, елі:	(9) Азаматтығы:	(14) Куәлік типі:	

<p>(10) Тұрақты мекенжайы: Елі: Телефоны: Ұялы: e-mail: (8) Туылған жері, елі:</p>	<p>(11) Пошта мекенжайы: (егер айырмашылығы болса) Елі: Телефоны: (9) Азаматтығы:</p>	<p>(15) Мамандығы (негізгі): (16) Жұмыс беруші: (17) Алдыңғы медициналық қорытындыға келу: Уақыты: Орны: (14) Куәлік типі:</p>
<p>(18) Қолда бар куәлігі (типі): Куәлік нөмірі: Куәлік берген ел:</p>	<p>(19) Авиациялық қызметкер куәлігінде және (немесе) медициналық сертификатта қандай да бір шектеулер Жоқ <input type="checkbox"/> Ия <input type="checkbox"/> Толығырақ:</p>	
<p>(20) Қашан да болса, Сізде авиациялық куәліктер беретін қандай да бір мемлекеттің медициналық қорытындыны беруде күмәні, беруден бас тартулары болды ма? Жоқ <input type="checkbox"/> Ия <input type="checkbox"/> Уақыты: Елі: Толығырақ:</p>	<p>(21) Жалпы ұшулар саны:</p>	<p>(22) Алдыңғы медициналық куәландырудан соң ұшулар саны:</p>
<p>(24) Соңғы медициналық куәландырудан соң, қандай да бір авиациялық оқиға және (немесе) болды ма? Жоқ <input type="checkbox"/> Ия <input type="checkbox"/> Мерзімі: Уақыты:</p>	<p>(25) Ұшулардың болжалды түрі:</p>	
<p>Толығырақ:</p>	<p>(26) Қазіргі уақыттағы ұшу қызметі Бір құрамды экипаж <input type="checkbox"/> көп құрамды экипаж <input type="checkbox"/></p>	
<p>(27) Сіз алкоголь қолданасыз ба? Жоқ <input type="checkbox"/> Ия <input type="checkbox"/> Мөлшері</p>	<p>(28) Сіз тұрақты медициналық препарат қолданасыз ба? Жоқ <input type="checkbox"/> Ия <input type="checkbox"/></p>	
<p>(29) Темекі тартасыз ба? Жоқ, ешқашан <input type="checkbox"/> Жоқ, қашан қойдыңыз?:</p>	<p>Дәрінің атын, мөлшерін, оны қолдана бастау уақытын көрсетіңіз?</p>	



Ия, оның түрі мен мөлшерін көрсетіңіз: Жүктеу

Жалпы және медициналық анамнез:

Мыналардың ішінде бірнәрсе Сізде бұрын болған ба? (Өтінеміз, белгіленіз). Оң жауап болған жағдайда, 30 бөлімде толық дерек келтіріңіз Ескерту

Жанұялық анамнез Ия Жоқ Ия Жоқ Ия Жоқ Ия Жоқ

101	Көзге ота жасалу/ аурулары		112	Мұрын, тамақ аурулары, тілдесу бұзылыстары		123	Малерия немесе басқа да тропиктік аурулар		170	Жүрек аурулары	
102	Сіз көзілдірік немесе линза киесіз бе?		113	Бас зақымдануы және естен тану		124	ЖИТС реакциясына оң нәтиже		171	Жоғары қан қысымы	
			114	Жиі немесе қатты бас аурулары		125	Жыныс жолдары арқылы берілетін инфекциялар		172	Холестериннің жоғары деңгейі	
103	Алдыңғы медициналық куәландырудан соң, көзілдірік немесе линзада өзгерістер		115	Естен тану, бас айналулар		126	Ұйқы синдромы / ұйқы анноэ синдромы		173	Эпилепсия	
			116	Кез-келген себеп бойынша естен тану		127	Сүйек-бұлшықет жүйесі аурулары		174	Психикалық бұзылыстар	
104	Сендік қызба, басқа		117	Жүйке		128	Қандай да басқа аурулар				

да аллерги ялар		жүйесі аурулар ы ,		мен жарақа ттар		175 Қант диабеті		
105 Демікп е немесе өкпе аурулар ы		инсульт , эпилепс ия , дірілде у, сал		129 аурухан аға жатқыз улар		176 Туберк улҰз		
106 Қантам ырлар мен жүрек аурулар ы		118 Қандай да психол огиялы қ / психик алық бұзылы стар		130 Алдыңғ ы медици налық куәланд ырудан соң дәрігер ге бару		177 Аллерг ия / астма/ экзема		
107 Жоғарғ ы немесе төмен қан қысым ы						178 Тұқымк уалау аурулар ы		
108 Бүйрек тегі тастар немесе несепте гі қан		119 Алкого льді/ есірткін і көп пайдала ну		131 Өмірді сақтанд ырудан бас тарту		179 Глауко ма		
109 Қант диабеті, гармон дық бұзылы стар		120 Өз өзіне қол қол салу		132 Авиаци ялық персона л куәлігін беруден бас тарту		Тек әйелдер үшін:		
110 Асқазан , бауыр немесе шек		121 Медиц иналық емдеуді қажет ететін		133 Әскери қызмет тен медици налық көрсеті лімдер		150 Гинеко логиял ық аурулар ,		

аурулар ы		биіктік ауруы		бойын ша бас тарту		етеккір бұзылу лары		
111 Саңыра улық, құлак аурулар ы		122 Анемия , өзге де қан аурулар ы		134 Жарақа ттар немесе аурулар бойын ша зейнета қы немесе өтемақ ылар				
						151 Сіз жүктісі з бе?		

(30) Ескертпе: Егер, бұрын айтылса және өзгерістер болмаса, онда белгілеңіз

(31) Өтініш: Осы арқылы мен жоғарыда толтырған өзіме белгілі барлық деректерді толық әрі дұрыс толтырдым, медициналық және ешқандай жалған ақпарат жасалынбады.

Мен, осы арызда ұшуларды орындауға қауіп төндіретін мендегі бар аурулардың бар екендігін және маған белгілі болған, теріс қорытындыға әкеліп соқтыру немесе денсаулық жағдайыма қатысты ақпаратты бермеу немесе жалған ақпарат беру немесе өзіме белгілі болған қосымша ақпаратты бермеу, маған Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай таралатын шаралармен және өзіме тиесілі бұрын берілген медициналық сертификаттың қайтарып алынатындығы мен таныс екендігімді мойындаймын. Сонымен қатар, осы өтінішті ұсынбаған немесе қол қоймаған жағдайда маған медициналық қорытындыны беруден бас тартуға әкеп соғатынын түсінемін.

Медициналық ақпаратқа қолжетімділікке қатысты осы өтініш арқылы мен осы есептегі ақпаратты, сондай-ақ қосымша беріліп отырған барлық ақпараттың, электрондық-сақталған деректердің медициналық куәландыруға қолданылатынын және сарапшыға, уәкілетті ұйымның авиациялық медицина бойынша авиациялық инспекторына қол жетімді екенін және олардың сарапшыда, уәкілетті ұйымның авиациялық медицина бойынша авиациялық инспекторының меншігі болып қалатындығына және денсаулық жағдайым бойынша, оның ішінде дәрігерлік құпияны құрайтын персоналдық деректерді өңдеу мен жинақтауға келісім беремін. Медициналық ақпараттың құпиялылығы барлық уақытта сақталынады.

Уақыты Өтініш иесінің қолы Сарапшының қолы

Алдыңғы беті

Медициналық сертификат алуға немесе қайта жаңартуға өтініш нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

Осы өтініш нысаны, оған қоса берілетін есептер, құжаттар сарапшыда сақталынады.

Медициналық ақпараттың құпиялылығы тұрақты сақталынады.

Өтініш беруші өтініштің барлық бөлімдері мен тармақтарын өз қолымен толтырады . Оны толтырғанда анық, баспа әріптермен, шарикті қаламмен толтыру қажет.

Аталған нысанды электронды енгізу немесе басып шығаруға болады. Егер деректерді толтыруға қосымша жер қажет болса, деректер жай қағазға жазылып, тегі,

аты, қолы мен уақыты көрсетіледі, сондай-ақ өтініштегі тиесілі тармақтың нөмірі көрсетіледі.

Өтінішті толық емес немесе анық емес толтыру оны қабылдаудан бастартуға әкеп соғады.

Жалған немесе жаңылыстыратын өтініштер бергені немесе осы өтінішке қатысты ақпаратты жасырғаны үшін оған осы өтінішті қабылдаудан бас тартады және (немесе) бұрын берілген медициналық сертификаттан айырылады.

1. Куәліктерді беру жөніндегі уәкілетті ұйымды көрсетіңіз: Өтініштің қай мемлекетте берілгенін көрсетіңіз	17. Алдыңғы медициналық сертификатты алуға жүгіну: Уақыты (күні, айы, жылы) мен орнын (қала, ел) көрсетіңіз. Алғаш рет жүгінген өтініш берушілер тек сызық қояды.
2. Медициналық сертификаттың класы: тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз: 1. Класс 2. Класс 3. Класс	18. Авиациялық персоналдың куәлігі: өзіңзде бар куәлік типін көрсетіңіз. Куәліктің нөмірі мен оны берген елді көрсетіңіз. Егер куәлігіңіз болмаса, "жоқ" деп көрсетіңіз.
3.Тегі: Тегіңізді көрсетіңіз	19. Куәлікте (медициналық сертификатта) көрсетілген шектеулер: Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз және сіздің куәлікте (медициналық сертификатта), мысалы көру бойынша, түстерді көру бойынша және т.б. қойылған шектеуді егжей-тегжейлі түсіндіріңіз.
4. Алдыңғы тегіңіз: Егер қандай да бір себептермен оны өзгертсеңіз, алдыңғысын көрсетіңіз	20. Медициналық сертификатты беруде қандай да бас тарту немесе күдіктенулер болды ма: тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз, егер қашан болса да, сіздің медициналық сертификатыңызды тоқтатса немесе қайтарып алса, тіпті уақытша болса да, оның уақытын (кк//аа//жжжж), елді және қай жерде болғанын көрсетіңіз.
5. Аты, әкесінің аты (бар болғанда): атыңыз бен әкеңіздің атын көрсетіңіз	21. Жалпы ұшулар сағаты: жалпы ұшу сағаттарының санын көрсетіңіз.
6. Туылған жылы: келесі тәртіпте туылған уақытыңызды көрсетіңіз кк//аа//жжжж.	22. Алдыңғы медициналық куәландырудан соң ұшу сағатын көрсетіңіз. Алдыңғы медициналық куәландырудан соң ұшу сағатын көрсетіңіз.
7. Жынысы: Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз	23. Қандай әуе кемесі типінде ұшасыз (егер сіз ұшу экипажының мүшесі болсаңыз): Қандай ӘК түрінде ұшуды орындайсыз, мысалы, Boeing 737, Ceassna 150, және т.б. көрсетіңіз.
8. Туылған жері мен елі: сіз туылған қала мен елді көрсетіңіз	24. Алдыңғы медициналық куәландырудан соң қандай да бір авиациялық оқиға немесе оқыс оқиға болды ма? Егер "Иә" болса, онда оның уақытын (кк//аа//жжжж), елді және қай жерде болғанын көрсетіңіз.
9. Азаматтығы: қай елдің азаматы екендігіңізді көрсетіңіз.	25. Болжалдық ұшу түрлері ұшулардың тасымалдау, чартерлік, пилоттық, әуесқой, ауыл шаруашылығы, жолаушылар тасымалы екенін көрсетіңіз.

<p>10. Тұрақты тұратын мекенжайы: тұрақты мекенжаймен пошталық мекенжайды көрсетіңіз. Елдің коды мен телефоныңызды көрсетіңіз.</p>	<p>26. Экипаж құрамы (факті бойынша ұшу қызметі) тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз, сіз бірқұрамдық немесе көпқұрамдық экипаж мүшесісіз бе</p>
<p>11. Уақытша тұратын жер жерінің пошталық мекенжайы (егер уақытша мекенжайдан өзге болса): егер уақытша мекенжайдан өзге болса, мекенжай, пошта, елдің кодымен телефон нөмірін көрсетіңіз. Егер айырмашылығы болмаса, жоғарыдағыны көрсетіңіз</p>	<p>27. Алкоголь қолданасыз ба? Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз. Егер "ия" болса, оның бір аптадағы мөлшерін, мысалы 2 литр сыра, көрсетіңіз.</p>
<p>12. Өтініш: Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз</p>	<p>28. Тұрақты медициналық препараттарды қолданасыз ба? Егер "ия" болса, онда оның атын, мөлшерін және қашан, сондай-ақ дәрігер тағайындамаған дәрі-дәрмектерді көрсетіңіз.</p>
